

Сынып: 5

Сабақтың тақырыбы:

Қонақтарды қарсы аламыз.

Орындаған: АХМЕТОВА Д.А.

Оқу мақсаты:

- * Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану(A2);
- * Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну(T3);
- * Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу(A5).

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушылар орындай алады:

Қазақша амандасу түрлерін біледі және ұлттық этикет формаларын пайдалана алады

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Жаңа сөздер мен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын біледі

Кейбір оқушылар орындай алады:

Берілген сұрақты дұрыс түсініп, толық жауап бере алады, диалогке қатысады

Бағалау критерийі:

- қазақша амандасу мәнерін дұрыс қолдана біледі және ұлттық этикет формаларын қажеттілігіне қарай орынды қолданады
- мәтінді оқып, асты сызылған сөздерді теріп жазады
- шағын диалогке қатысады, сұраққа жауап береді

1-тапсырма.

Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып көрініс көрсетіңдер.

Қонақжай халық, жылы шырай, төрге отырғызу, көңілін көтеру, құтты орын, сыйлы қонақтар

1- топ «Дастарқан басында»

2- топ «Қонақты қарсы аламыз»

Дескриптор:

-қазақша амандасу түрлерін қолданды-1б

-ұлттық этикет формаларын орынды көрсетті-1б



«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалаймыз



2- тапсырма

Мәтінді оқып шығып асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңыздар

Қонақтарды қарсы аламыз.

Үйге келген мейманды — қонақ деп атайды. Үйге келген қонақтың міндетті түрде орындайтын ең бірінші шарты шаңыраққа сәлем беріп кіру. Қазақ халқы қонақжай халық. Танымаса да, танысада келген қонақтарды жылы шыраймен қарсы алады. Қонақтар жасының үлкендігі мен мәртебесіне сәйкес төрден есікке қарай орналасады.. Қонақты үй иесінің өзі есікті ашып қарсы алады. Олар кетерде үй иесі есікті ашып, шығарып салса, бұл қонақтарды қуған болып саналады. Дастархан жаяды, үлкен кісіге бас ұсынылады.Қонақтарға барлық жағдай жасайды

.Әншілер мен күйшілерді шақырып қонақтардың көңілін көтереді.

Адамдар бірімен-бірі кезіккенде жылы шырай білдіріп, аман-сәлем жасап, сый-құрмет танытады, мұның өзі адамзатқа ортақ қасиет. Амандасудың жалпы екі түрлі тәсілі бар: оның бірі, ауызша амандық сұрасу, енді бірі, қол алысу, құшақтасу, бетіне бетін тигізу, сүю арқылы бейнелеу.

Дескриптор:

-жаңа сөздерді теріп жазды-16

-мәтіннен сөздер мен сөз тіркестерін мағынасын түсіндірді- 26

«Бес саусақ қол» арқылы бағалаймыз

орташа



жақсы



Төмен



3 тапсырма.

Тақырып бойынша сұрақ құрастырыңдар.

«Тілшілер» әдісі арқылы оқушылар топ ішінде сұрақ құрастырып, басқа топқа қояды және жауап береді

Дескриптор:

- сұрақ құрастырды және толық жауап берді-1б
- диалогқа қатысты-1б

«Бес саусақ қол» арқылы бағалаймыз

орташа



жақсы



Төмен



Кері байланыс:

«Бағдаршам»

әдісімен өзін-өзі бағалау

қызыл- түсінбедім

сары- жартылай түсіндім

жасыл- түсіндім

Рефлексия

